



Балық шаруашылығын дамыту мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 5 сәуірдегі № 208 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Балық шаруашылығын дамытудың 2021 – 2030 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) бекітілсін.

2. Бағдарламаның орындалуына жауапты Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдары, ұйымдар (келісу бойынша):

1) Бағдарламада көзделген іс-шаралардың уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін;

2) жылдың қорытындысы бойынша 10 қаңтардан кешіктірмей Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігіне Бағдарламаның іске асырылу барысы туралы ақпарат берсін.

3. Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі жыл қорытындысы бойынша 1 ақпаннан кешіктірмей Қазақстан Республикасының Үкіметіне Бағдарламаның іске асырылу барысы туралы жиынтық ақпарат берсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

А. Мамин

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2021 жылғы 5 сәуірдегі
№ 208 қаулысымен
бекітілген

Балық шаруашылығын дамытудың 2021 – 2030 жылдарға арналған бағдарламасы

1. Бағдарламаның паспорты.

2. Кіріспе.

3. Ағымдағы ахуалды талдау.

4. Бағдарламаның негізгі бағыттары, мақсаттары, міндеттері, нысаналы индикаторлары және іске асыру нәтижелерінің көрсеткіштері.

5. Қажетті ресурстар.

1. Бағдарламаның паспорты

| | |
|--|--|
| Бағдарламаның атауы | Балық шаруашылығын дамытудың 2021 – 2030 жылдарға арналған бағдарламасы |
| Әзірлеуге негіздеме | Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Атырау облысына жұмыс сапарының қорытындысы бойынша 2020 жылғы 27 ақпандағы № 11-3/09-97 (1.2.1 т.) хаттамасы |
| Бағдарламаны әзірлеуші | Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі |
| Бағдарламаны іске асыруға жауапты мемлекеттік органдар | Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі және облыстардың әкімдіктері |
| Бағдарламаның мақсаты | Халықтың балық өнімдерімен қамтамасыз етілуін өсіру және балық өсіруді (акваөсіруді) дамыту үшін жағдай жасау |
| Бағдарламаның міндеттері | 1. Балық өсіру (акваөсіру) өнімі мен оны қайта өңдеу көлемін өсіру 2. Балық азығының отандық өндірісін дамыту 3. Саланы ғылыми және кадрлық қамтамасыз ету 4. Балық өсіруді (акваөсіруді) дамытуды мемлекеттік қолдауды қамтамасыз ету |
| Іске асыру мерзімдері | 2021 – 2030 жылдар |
| Нысаналы индикаторлар | 1. Балық өсіру көлемін 2030 жылға дейін жылына 6,9-дан 270 мың тоннаға дейін ұлғайту 2. Балық өнімдерін ішкі тұтынуды 2030 жылға дейін жылына 67-ден 134 мың тоннаға дейін ұлғайту 3. Балық өнімдерінің экспортын жылына 430 млн АҚШ долларына дейінгі сомаға 2030 жылға дейін жылына 30-дан 181 мың тоннаға дейін ұлғайту |
| Қаржыландыру көздері мен көлемдері | Республикалық бюджет: 10 жылда 56,4 млрд теңге*. Жергілікті бюджет: 10 жылда 144,3 млрд теңге*. Бюджеттен тыс қаражат: шамамен 340,5 млрд теңге инвестициялар. Барлығы 10 жылда шамамен 541,3 млрд теңге. |
| Күтілетін нәтижелер | Балық өсіру (акваөсіру) шығаратын өнім көлемін 2030 жылға дейін 270 мың тоннаға дейін жеткізу |

Ескертпе:

*қаржыландыру көлемі тиісті қаржы жылына арналған бюджетті қалыптастыру кезінде нақтыланатын болады.

2. Кіріспе

"Қазақстан-2050" стратегиясында Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаев экологиялық таза азық-түлік өндірісі саласында жаһандық ойыншыға айналу міндетін қойды.

Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың "Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі" атты 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында еліміздің балық саласын дамытуға ерекше назар аудару қажеттігі туралы атап өтілген. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 26 тамыздағы

қаулысымен бекітілген Ұлттық экспорттық стратегияда балық пен балық өнімдерін Қытай Халық Республикасына экспорттаудың зор мүмкіндіктері көрсетіледі.

Бүгінгі күні отандық балық және балық өнімдері өндірісінің көлемін 6,9 мыңнан 600 мың тоннаға дейін ұлғайту әлеуеті бар, бұл көрші елдерге және әлемдік нарықтарға экспорт көлемін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Соңғы 5 жылда өсірілген балық көлемі 729,8-ден 6,9 мың тоннаға дейін ұлғайды. Салада шамамен 11 мың адам жұмыс істейді.

3. Ағымдағы ахуалды талдау

3.1 Балық аулау

Балық шаруашылығы қорының құрамына Каспий және Арал теңіздері акваториясының елеулі бөлігі, Балқаш көлі, Алакөл көлдер жүйесі (Алакөл, Сасықкөл, Қошқаркөл), Бұқтырма, Қапшағай, Шардара су қоймалары, сондай-ақ республикалық және жергілікті маңызы бар басқа да су айдындары кіреді.

Каспий теңізін есепке алмағанда су айдындарының жалпы ауданы 5 млн гектарды құрайды. 1965 жылы республика су айдындарында балық аулаудың жалпы көлемі 111,9 мың тоннаны құрады. 1990 жылдан 2004 жылдар аралығында балық аулау көлемі 80,9 мың тоннадан 36,6 мың тоннаға дейін төмендегені байқалды.

2006 жылдан бастап уәкілетті орган балық шаруашылығы субъектілеріне балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін ұзақ мерзімге бекітіп беру бойынша жұмыстарды бастады, олар өздеріне бекітіп берілген учаскелерді қорғау, өсімін молайту шараларын және бекітіп берілген су айдындары мен учаскелердегі биоресурстар мен мекен ету орталарының жай-күйін бағалауды қамтамасыз ету бойынша міндеттемелер алды.

Бұл ретте соңғы 5 жылда (2015 – 2019 жылдар) лимит 263,5 мың тонна болғанымен, балық ресурстары мен басқа да су жануарларын аулау 207,1 мың тоннаны құрады.


3.2 Балық өсіру (акваөсіру)

Балық пен басқа да су жануарларын өсіру азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесімен қатар, табиғи су айдындарын оларды шамадан тыс пайдалану нәтижесінде түсетін антропогендік жүктемеден арылту мәселелерінде де барынша сұранысқа ие тренд болып табылады.


Осы бағытты дамыту агроөнеркәсіптік секторда жұмыс істейтін орта және шағын бизнестің дамуына оң ықпал ететіні сөзсіз, негізінен ауылдық жерлерде қосымша жұмыс орындарын құруға мүмкіндік береді және өңірлік сипаттағы бірқатар проблемаларды шешуге мүмкіндік беретін тұтас мультипликативтік әсері болады. 2015 – 2019 жылдар кезеңінде республикада балық өсіру

шаруашылықтарында 18,0 мың тонна тауарлық балық өсірілді (1, 2-сурет, 1-кесте).

1-сурет. Өсірілген тауарлық балық, тонна



2-сурет. Өсірілген тауарлық балық түрлер бөлігінде, тонна



Өсірілген тауарлық балық көлемдері туралы мәліметтер

1-кесте

| Балық түрлері | жыл, тонна | | | | |
|-------------------|------------|--------|--------|--------|--------|
| 2015 | 2016 | 2017 | 2018 | 2019 | |
| Баятақ | 171,8 | 269 | 480 | 538 | 760 |
| Тұқы | 105,8 | 87 | 329 | 1802 | 1900,2 |
| Бекіретұқымдастар | 87,1 | 271 | 556 | 555 | 141,3 |
| Басқа да түрлер | 365,1 | 1250,4 | 1410,7 | 2757,8 | 4131,8 |
| Барлығы: | 729,8 | 1878 | 2776 | 5653 | 6933,1 |

Қазақстан Республикасы экономиканың осы секторын және агроөнеркәсіптік кешеннің осы бағытын дамытудың зор әлеуетіне ие. Мысалы, ел аумағында қазіргі 7 аймақтың 6-ында балық өсіру аймағы бар.

Тұтастай алғанда, сарапшылардың бағалауы бойынша осы бағыттың әлеуеті 600 мың тоннаға дейінгі тауарлық өнімді құрайды, ол жан басына шаққандағы тұтыну деңгейін Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДСҰ) ұсынған көлемге дейін көтеруге мүмкіндік береді, және шамамен 14,6 кг құрайды, сондай-ақ

қосылған құны жоғары терең өңделген өнім көлемін ұлғайтуға мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде саланың салық салынатын базасын және әлеуетті инвесторлар үшін тартымдылығын көтеруге мүмкіндік береді.

Осы мақсатқа қол жеткізу үшін осы бағдарлама шеңберінде азық, балық өсіру материалын (бұдан әрі – БӨМ) сатып алу, құнды балық түрлерінің аналық-толықтыру үйірін (бұдан әрі – АТҮ) сатып алу және ұстау, дәрілік препараттарды сатып алу, балық өсіру-биологиялық негіздемелерді (бұдан әрі –ББН) әзірлеу сияқты өзіндік құнның негізгі құрамдас бөліктерін субсидиялады, сондай-ақ балық өсіру шаруашылықтарының барлық түрлері: көлде тауарлық балық өсіру шаруашылығына (бұдан әрі – КТБШ), тор қоршамада балық өсіру шаруашылығына (бұдан әрі – ТҚБШ), тоғанда балық өсіру шаруашылығына (бұдан әрі – ТБШ) және сумен қамтамасыз ету циклі тұйықталған балық өсіру шаруашылығына (бұдан әрі – ТСО) инвестициялық субсидияларды қамтитын мемлекеттік қолдау шараларының кешенін тұжырымдау болжанып отыр.

3.3 Балық өнімдерін қайта өңдеу

Қазіргі уақытта қолданыстағы заңнаманың нормалары балық пен балық өнімдерін өңдеумен айналысатын кәсіпорындардың өндірістік қуаты, шығарылатын өнімнің түрлері мен көлемі, шикізат жеткізу және өнім өткізу арналары, персонал саны, экономикалық көрсеткіштер туралы, сондай-ақ балық өнімдерін сатып алумен және өткізумен, көтерме және бөлшек саудамен айналысатын кәсіпорындар бойынша толық көлемде ақпарат алуға мүмкіндік бермейді.

Бұдан басқа, баға белгілеуге, балық өңдеу кәсіпорындарының рентабельділігіне, олардың ассортиментіне және республика нарығында ұсынылған балық өнімдері түрлерінің бәсекеге қабілеттілігіне әсер ететін факторлар анықталмаған.

Республикадағы балық өнімдерінің экспорты көп жағдайларда жаңадан мұздатылған өңделмеген балық экспортынан көрінетін шикізаттық бағытқа ие.

Балық өңдеу қуаттарының орналасуы, әдеттегідей ірі кәсіпшілік су айдындарына байланыстырылған. Бұл ретте балық өңдеудің негізгі көлемі Алматы, Атырау, Шығыс Қазақстан және Қызылорда облыстарына тиесілі. Балық өңдейтін 100 кәсіпорынның қуаты жылына 87 мың тоннаны құрайды, алайда олардың жүктелуі 43 %-дан аспайды.

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша өңделген шикізаттан Еуропа елдерінің нарықтарында коммерциялық құндылығы бар көксерке филесі артықшылыққа ие.

Бүгінгі таңда 17 балық өңдеу кәсіпорнында Еуропалық Одақ елдеріне балық өнімдерін экспорттауға құқық беретін еуро нөмірлері бар.

Сонымен қатар, нарықты кеңейту мақсатында Қазақстан мен Қытай арасында ветеринарлық сертификат келісілді. Бұл ретте Қытай Халық Республикасының тізіліміне қазақстандық 64 кәсіпорын енгізілген.

2015 – 2019 жылдары (2-кесте) республикада 167,4 мың тонна өңделген балық және балық өнімдері өндірілді. Бұл ретте, бұл көрсеткіш 2017 жылы ең жоғары болды.

Өңделген балық өнімдері бойынша ақпарат 2-кесте

| № | Облыс | 2015 | 2016 | 2017 | 2018 | 2019 |
|--------------|---------------------|--------------|--------------|--------------|----------|-----------|
| көлем, тонна | көлем, тонна | көлем, тонна | көлем, тонна | көлем, тонна | | |
| 1 | Ақмола | - | - | - | - | - |
| 2 | Ақтөбе | 4,1 | 1,6 | 2 | 3 | 3,45 |
| 3 | Атырау | 13245,4 | 8927,4 | 5674,1 | 7526,319 | 12271,787 |
| 4 | Алматы | 583 | 2772,2 | 14698,4 | 7103,35 | 7846,3 |
| 5 | Шығыс Қазақстан | 3280,9 | 4388 | 6297,7 | 7788,9 | 8470 |
| 6 | Жамбыл | 715 | 930 | 2502 | 3222 | 2116 |
| 7 | Батыс Қазақстан | - | - | - | - | - |
| 8 | Қарағанды | 240 | 463,7 | 540,7 | 725,95 | 174 |
| 9 | Қызылорда | 5502,8 | 5427,7 | 8092,1 | 8477 | 5685 |
| 10 | Қостанай | - | - | - | - | - |
| 11 | Маңғыстау | 710,6 | 842,4 | 585,9 | 810,4 | 1119,5 |
| 12 | Павлодар | - | - | - | - | - |
| 13 | Солтүстік Қазақстан | 332,53 | 324,11 | 414,6 | 333,63 | 251,6 |
| 14 | Түркістан | 1595 | 1754 | 2659 | 2230,9 | 2738,9 |
| Барлығы | | 26209,3 | 25831,1 | 41466,5 | 38221,4 | 40676,5 |

3.4 Балық өнімдерінің экспорты мен импорты

2019 жылы балық өнімдерінің импорты 74,3 млн АҚШ доллары сомасына 45,5 мың тоннаны құрады, бұл ретте импорттың шамамен 80 %-ы мұхит балығы және теңіз өнімдері.

Балық өнімдерінің негізгі импорттаушылары: АҚШ (17,9 млн АҚШ доллары), Жапония (11,7 млн АҚШ доллары), Қытай (8,0 млн АҚШ доллары), Испания (6,8 млн АҚШ доллары), Вьетнам (6,1 млн АҚШ доллары), Франция (5,4 млн АҚШ

доллары), Италия (5,1 млн АҚШ доллары), Германия (4,7 млн АҚШ доллары) және т. б.

Бұл ретте, Қазақстан жыл сайын шамамен 60 млн АҚШ доллары сомасына 30 мың тонна балық өнімін таяу және алыс шетелдің 36 еліне (Германия, Нидерланды, Ресей, Украина, Литва, Қытай, Өзбекстан, Әзербайжан, Болгария, Мажарстан, Грузия, Дания, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркия және т.б.) экспорттайды.

Дайын өнімнің келесі түрлерін шығару жолға қойылған: салқындалатын мұздатылған балық, балық филесі, ысталған және қақталған балық, балық өнімдері, аспаздық өнімдер мен жартылай фабрикаттар, балық консервілері, сондай-ақ май-үн өнімдері.


2015 – 2019 жылдардағы балық өнімдерінің экспорты мен импорты туралы ақпарат төменде (3-кесте, 3, 4-суреттер) көрсетілген.

Қазақстандағы балық өнімдерінің экспорты мен импорты


3-кесте

| Көрсеткіштер | 2015 жыл | 2016 жыл | 2017 жыл | 2018 жыл | 2019 жыл |
|---------------------|------------|------------|------------|------------|------------|
| Импорт (тонна) | 48 100 | 29 700 | 27 200 | 34 300 | 45 000 |
| Экспорт (тонна) | 22 100 | 23 700 | 26 900 | 24 500 | 30 000 |
| Импорт (АҚШ долл.) | 68 400 000 | 47 510 000 | 59 600 000 | 70 700 000 | 74 300 000 |
| Экспорт (АҚШ долл.) | 52 600 000 | 50 200 000 | 52 800 000 | 56 500 000 | 60 000 000 |

3-сурет. Балық өнімдерінің экспорты мен импорты көлемінің серпіні, тонна




4-сурет. Балық өнімдерінің экспорты мен импорты көлемінің серпіні, млн АҚШ доллары



2015 – 2019 жылдары импорт үлесі тиісінше 56,5 %, 32,7 %, 53 %, 56 %, 55 %, ал балық экспортының үлесі тиісінше 43,4 %, 67,3 %, 47 %, 44 %, 45 % құрады (5-сурет).

5-сурет. Экспорт және импорт құрылымы



Осылайша, балық өнімдерінің импорты орта есеппен барлық ресурстардың 56 %-ын немесе жартысынан астамын құрайды, бұл халықты жеткілікті балық өнімдерімен қамтамасыз етуде елдегі азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге төнетін қауіптердің бірі болып табылады.

Ел халқын өз балығымызбен қамтамасыз етуді ұлғайту үшін импорт алмастыру саясатын іске асыру қажет, оның негіздерінің бірі отандық балық тауарларының өндірісін дамыту болып табылады.

Қазақстан Республикасы кеден және статистика органдарының деректеріне сүйенсек, Қазақстан бойынша экспорт 27 мың тоннадан асады, ал 2019 жылы жалпы экспорт 30 мың тоннаға дейін жетті (4-кесте).

Еуразиялық экономикалық одақ елдерін қоспағанда, балық өнімдерінің экспорты

4-кесте

| Жылдар, өнім | Балық өнімдерінің экспорты, тонна | | | | |
|-------------------|-----------------------------------|-------|-------|--------|--------|
| | 2016 | 2017 | 2018 | 2019 | |
| Мұздатылған балық | 5 798 | 5 313 | 6 061 | 21 696 | 22 546 |


| | | | | | |
|--|-------|-------|-------|-------|-------|
| Балық филесі және өзге де жас, тоңазытылған немесе мұздатылған балық еті | 6 317 | 6 701 | 6 695 | 999 | 2 072 |
| Ұрықтанған балық уылдырығы, балықтарының дернәсілдері | 1 491 | 2 117 | 1 661 | 1 540 | 1 326 |
| Дайын немесе консервіленген балық; бекіре уылдырығы және балық уылдырықтарынан жасалған оны алмастырғыштар | 391 | 35 | 50 | 605 | 561 |
| Барлығы | 14907 | 14805 | 14897 | 25939 | 27597 |

Елдер бөлінісінде қазақстандық өнім экспортының деректері 5-кесте

| Елдер, жылдар | 2015 | 2016 | 2017 | 2018 | 2019 |
|---------------|-------|------|-------|-------|-------|
| Қытай | 1 843 | 912 | 932 | 5 265 | 5 496 |
| Нидерланды | 8 337 | 916 | 4 635 | 2 768 | 2 848 |
| Литва | 74 | - | 0 | 2 047 | 1 678 |
| Украина | 394 | 295 | 361 | 2 038 | 1 666 |
| Әзербайжан | - | - | 768 | 396 | 1 407 |
| Германия | 62 | 38 | 305 | 982 | 1 083 |
| Өзбекстан | 24 | 37 | 75 | 582 | 813 |


2019 жылы Қазақстаннан Ресейге 492 тонна балық және балық өнімдері экспортталды.

6-сурет. Ресей өңірлері бөлінісінде 2019 жылы Қазақстаннан Ресейге экспорт, тонна



Жалпы, әлемде акваөсіру өндірісі көлемінің тез өсуі болжануда:

7-сурет. Өнеркәсіптік балық аулау және акваөсіру өнімдерінің әлемдік көлемі, 1980 – 2030 жылдар



3.5 Балық ресурстарын қорғау

Жануарлар дүниесінің жай-күйіне, мекендеу ортасына, жануарлардың көбею жағдайлары мен өріс аудару жолдарына әсер ететін немесе әсер етуі ықтимал, жануарлар дүниесінің сақталуы мен өсімін молайтуды, оның мекендеу ортасының сақталуын әрі келтіретін және келтірілген оның ішінде болмай қоймайтын зиянды өтеуді қамтамасыз ететін талаптар сақтала отырып және мынадай негізгі:

1) уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелері қамтамасыз ететін жануарлар дүниесі топтарының биологиялық әртүрлілігін және тұтастығын табиғи еркін күйде сақтау;

2) жануарлар дүниесі объектілерінің мекендеу ортасын, көбею жағдайларын, өріс аудару жолдары мен шоғырлану орындарын сақтау талаптарын сақтау арқылы жүзеге асырылуға тиіс қызмет балық ресурстарын қорғау деп аталады.

2015 жылдан бастап 2020 жылға дейінгі кезеңде уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелері табиғат қорғау заңнамасы 35 мың реттен астам бұзылғанын анықтады және жолын кесті, соның нәтижесінде құқық бұзушыларға 497,9 млн теңге айыппұл салынды.

Уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелерінің бақылау-инспекциялық қызметін талдау табиғат қорғау іс-шараларын сапалы жүргізуге әсер ететін кемшіліктердің бар екенін көрсетті.

Белгіленген нормаларға сәйкес уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелерінің техникалық құралдармен жарақтандырылуы 80 %-ды құрайды, бұл ретте олардың басым бөлігі тозған және есептен шығаруға жатады.

Осыған байланысты, балық ресурстарын заңсыз алуға қарсы іс-қимыл жүйесі қазіргі заманғы жүзу және көлік құралдарын, сондай-ақ арнайы жабдықтарды (дрондар, пилотсыз ұшу аппараттары, байланыс және навигация құралдары) сатып алу арқылы ведомствоның аумақтық бөлімшелерін материалдық-техникалық жаратандыруды жетілдіруді талап етеді.

Балық өнімдерінің көлеңкелі айналымын азайту үшін балық пен балық өнімдерінің шығарылған жерінің заңдылығын растайтын құжаттарды қалыптастыруға және беруге қатысатын мүдделі мемлекеттік органдардың жүйелерін интеграциялауды көздейтін балық пен балық өнімдерін қадағалаудың автоматтандырылған жүйесін енгізу талап етіледі.

Қаржылық қамтамасыз етудің жеткіліксіздігі және әлеуметтік қорғалудың болмауы мемлекеттік қызметшілер арасында сыбайлас жемқорлық көріністері тәуекелдерінің көрінуінің басты факторларының бірі болып табылады.

Осыған байланысты, сыбайлас жемқорлық көріністерінің жағдайларын жоққа шығару мақсатында ведомствоның аумақтық бөлімшелерінің қызметкерлерін қосымша қаржылай ынталандыруға қажеттілік бар.

Өткен жылдары бұл проблема браконьерлік фактілерін анықтағаны үшін қызметкерлерді сыйлықақы төлемдерімен материалдық ынталандыру жолымен шешіліп келген, 1992 – 1993 жылдары мұның күші жойылды.

Сыйлықақы төлемдері кешенді болды және талап қою сомасының 37 %-ынан, айыппұл сомасының 17 %-ынан және құқық бұзушылық жасау кезінде пайдаланылған тәркіленген өнім мен құралдарды (қару, көлік, аулау құралдары) өткізуден түсетін табыстың 20 %-ынан құралды.

3.6 Балық ресурстарының өсімін молайту

2020 жылы мемлекеттік балық өсіру кәсіпорындары құнды балық түрлері шабақтарының (бекіре шабақтары, ақсақа және тұқы дернәсілдері, тұқы және өсімдікжемді балық түрлерінің (ақ амур, дөңмаңдай) біржазғы және екіжылдық шабақтарының 69,5 млн данасын өсіріп, балық шаруашылығы су айдындарына жіберді.

Құнды балық түрлерінің табиғи өсімін молайту үшін жағдай жасау мақсатында 2018 жылдан бастап 2020 жылға дейін Атырау облысының шегінде Жайық және Қиғаш өзендерінің гидрологиялық режимін молайту және жақсарту жөніндегі жобалар іске асырылды.

Осы жобаларға сәйкес 2018 жылдан бастап 2020 жылға дейін Жайық өзенінде жалпы ұзындығы 25,5 км түбін тереңдету жұмыстарын жүргізу және ұзындығы 16,9 км жаңа арна құру белгіленіп, жүзеге асырылды.

Қиғаш өзенінде түбін тереңдету жұмыстары 2021 жылға дейін жоспарланған, жалпы ұзындығы 150,7 км, бүгінгі күні олардың 133,7 км бойына жұмыстар жүргізілді.

Акваөсіруді орнықты дамыту үшін селекциялық-генетикалық орталықтар құру қажет, олардың негізгі функциялары балық өсіру аймақтарына және климаттық жағдайларға неғұрлым бейімделген, өндірістік қасиеттері анағұрлым жақсартылған балық түрлерін шығару болып табылады.

Селекциялық-генетикалық орталықтар инфрақұрылымдық объектілер ретінде каралады, олар:

ғылыми-зерттеу ұйымдарымен бірлесіп, балықты тауарлық өсіру технологияларын әзірлеу бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуді;

ғылыми-зерттеу ұйымдарымен бірлесіп, таза балық түрлері мен тұқымдарын ұстап тұру бойынша, сондай-ақ Қазақстанның климаттық жағдайларына бейімделген жаңа тұқымдар мен тұқымдық топтарды шығару бойынша селекциялық-генетикалық жұмыстар жүргізуді;

қорғалатын балық түрлерін қолдан өсіруді, АТУ ұстау технологияларын әзірлеуді;

әзірленген жерсіндіру схемасына сәйкес табиғи су айдындарына балық жіберу бағдарламаларын жүзеге асыруды;

жоғары сапалы БӨМ өндіруді және оны балық шаруашылығы субъектілеріне өткізуді;

балық шаруашылығы субъектілеріне білім беру және консультациялық қызметтер көрсетуді қамтамасыз етуге бағыттталатын болады.

3.7 Ғылыми және кадрлық қамтамасыз ету

Уәкілетті органдар атынан басқарушылық шешімдер қабылдауда табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану, биологиялық әртүрлілікті сақтау жөніндегі қорғау шараларының кешенін жүзеге асыру және өсімді молайту жөніндегі ғылыми негізделген ұсынымдар негізге алынады. Көрсетілген шаралар балық аулауды реттеу, жаңа аулау құралдарын қолдану, өсімді молайту кешенін дамыту және бекіре тұқымдас балық түрлерін қорғау мен пайдалану жөніндегі нақты стратегияны әзірлеу, бөтен текті жаратылыстарға қарсы күрес және басқалар бөлігінде халықаралық ынтымақтастық мәселелерінде ұсынымдар беру жөніндегі проблемаларды шешуді де қамтиды. Жоғарыда аталған шешімдерді қабылдау уәкілетті органдардан азаматтық-құқықтық қатынастар саласында да, қоршаған ортаға әсер ету бөлігінде де қабылданған шешімдер мен олардың салдары үшін елеулі жауапкершілікті талап етеді, осыған байланысты саланы ғылыми қамтамасыз етудің рөлін асыра бағалау қиын.

Соңғы жылдары (2010 – 2020 жылдар) балық ресурстарының мемлекеттік есебі мен кадастрын жүргізудің ғылыми негізі қаланды. Зерттеулер халықаралық, республикалық маңызы бар барлық ірі балық шаруашылығы су айдындарында, сондай-ақ жергілікті маңызы бар су айдындарында жүргізілді. Нәтижесінде балық ресурстарының жай-күйінің бірыңғай ақпараттық жүйесі қалыптасты, балық шаруашылығының өсімін молайту кешенін дамыту жөнінде ұсынымдар әзірленді.

Қазіргі уақытта жергілікті атқарушы органдар жергілікті маңызы бар су айдындарын паспорттау бойынша белсенді жұмысты жалғастыруда, онда паспорттық деректермен қатар, су айдындарының оларды тауарлық балық өсіруде пайдалану мүмкіндігі тұрғысынан мәртебесі айқындалады.

Сирек кездесетін және жойылып бара жатқан балық түрлері қолдан өсіру технологиясын, сондай-ақ құнды балық түрлерін тауарлық өсіру биотехникасын әзірлеуге бағытталған зерттеулер үлкен өзектілікке ие болды.

Өкінішке орай, балық шаруашылығы ғылымы қазіргі уақытта білікті кадрлардың тапшылығына тап болды, мұның ихтиологиялық, оның ішінде балық өсіру зерттеулерін жүргізу сапасына әсерін тигізбеуі мүмкін емес. Осы зерттеулердің сапасын жақсартуды және басқарушылық шешімдер қабылдау үшін ұсынымдар беру бөлігінде зерттеулердің қолданылуы тұрғысынан назар аудару талап етіледі.

Ел Үкіметі қабылдайтын балық шаруашылығын дамыту жөніндегі шаралар шеңберінде балықтарды және басқа да су жануарларын қолдан өсіру, балық ресурстарын ұтымды пайдалану және Қазақстан су айдындарының биологиялық әртүрлілігін сақтау саласындағы қажетті негіздемелер мен ұсынымдарды әзірлеу бойынша саланы жан-жақты қолдау мақсатында саланы ғылыми қамтамасыз етуді қолдау жөніндегі шаралар кешенін көздеу қажет. Осы зерттеулердің нәтижелері қолданбалы сипатта болуы және өндірістік процеске бейімделуі тиіс, яғни балық шаруашылығы субъектілерінің пайдалануы үшін жалпыға бірдей қолжетімді болуы керек.

Бұдан басқа, балық өсіру кәсіпорындары мен фермерлік шаруашылықтарды білікті кадрлармен қамтамасыз ету мақсатында жұмыс істеп тұрған жоғары оқу орындарының, ғылыми орталықтардың және басқа да білім беру мекемелерінің базасында балық өсіруді оқытуды ұйымдастыру қажет. Бұл ретте жоғары оқу орындарының дәстүрлі оқу бағдарламаларын "Балық шаруашылығы және өнеркәсіптік балық аулау" бағыты бойынша жыл сайын 400 орынға дейін мемлекеттік білім беру тапсырысын көздей отырып, акваөсіру бағыттары бойынша оқу пәндерін күшейте отырып, неғұрлым өзекті "Акваөсіру

және биологиялық су ресурстары" бағытына қайта бағдарлауды жүзеге асыру ұсынылады.

Осыған байланысты, "Балық ресурстарының қазіргі жай-күйін кешенді бағалау және оларды орнықты пайдалану жөнінде ғылыми негізделген ұсынымдар әзірлеу" және "Инновациялық технологияларды әзірлеу және енгізу жолымен акваөсірудің кешенді дамуын ғылыми-технологиялық қамтамасыз ету" бойынша неғұрлым басым тақырыптарды іске асыру мақсатында бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберінде 2021 – 2023 жылдарға 3,1 млрд теңге бөлу көзделген, сондай-ақ 2021 – 2030 жылдар кезеңіне қосымша тиісті зерттеулер жүргізуге 5,0 млрд теңге бөлу көзделген.

3.8 Нормативтік құқықтық базаны дамыту

Бағдарламаны тиімді іске асыру үшін балық шаруашылығын қорғау, өсімін молайту және орнықты дамыту мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы саланың заңнамалық және нормативтік құқықтық базасын жетілдіруге бағытталған бірқатар шаралар қабылдау қажет.

Осыған байланысты, Қазақстан Республикасының Орман, Су және Жер кодекстеріне, сондай-ақ Қазақстан Республикасының "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы", "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" және "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" заңдарына түзетулерді пысықтау көзделеді.

Орман кодексіне және "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына мемлекеттік орман қоры және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар (бұдан әрі – ЕҚТА) учаскелерінде балық шаруашылығын (акваөсіру) дамытуды реттейтін нормалар енгізіледі, себебі онда балық өсіруді жүргізуге арналған перспективалы су айдындары бар, оларды пайдалану балық өсіру көлемін едәуір ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" және "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" заңдарына акваөсіруді (балық өсіру шаруашылығы) субсидиялау мәселелерін Ауыл шаруашылығы министрлігінен Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің қарамағына беру бөлігінде түзетулер енгізілетін болады. Бұл нормалар ведомствоаралық бытыраңқылықты жою және балық шаруашылығын дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырудың бірыңғай тәсілін қамтамасыз ету үшін қажет.

Бұдан басқа, балық өсіру шаруашылықтары суды су қоймасына кері қайтаратынын ескере отырып, су ресурстарын пайдалану кезінде олардың сүзу және булану түріндегі шығындарды ғана төлеуі мәселесі пысықталатын болады.

Балықтардың бағалы кәсіпшілік түрлерінің қорларын ұлғайтуға, сирек кездесетін және жойылып бара жатқан гидробионттардың гендік қорын сақтауға, сондай-ақ балықтар мен басқа да гидробионттарды қолдан өсіруге, оның ішінде қолдан жасалған жағдайларда, балық шаруашылығының құрамдас бөлігі ретінде акваөсіруді дамытуды нормативтік құқықтық реттеуді қамтамасыз ету мақсатында "Акваөсіру туралы" Қазақстан Республикасының жеке Заңы әзірленетін болады.

4. Бағдарламаның негізгі бағыттары, мақсаттары, міндеттері, нысаналы индикаторлары және іске асыру нәтижелерінің көрсеткіштері

Бағдарламаның мақсаты: халықты балық өнімдерімен қамтамасыз етуді арттыру және балық өсіруді (акваөсіру) дамыту үшін жағдай жасау.

Бағдарламаның негізгі міндеттері:

1. Балық өсіру (акваөсіру) өнімі мен оны қайта өңдеу көлемін өсіру.
2. Балық азығының отандық өндірісін дамыту.
3. Саланы ғылыми және кадрлық қамтамасыз ету.
4. Балық өсіруді (акваөсіру) дамытуды мемлекеттік қолдауды қамтамасыз ету.

Бағдарламаның нысаналы индикаторлары

6-кесте

| Нысаналы индикаторлар | Өлшем бірлігі | 2021 | 2022 | 2023 | 2024 | 2025 | 2026 | 2027 | 2028 | 2029 | 2030 |
|---------------------------------------|---------------|------|------|------|------|------|-------|-------|-------|-------|-------|
| Балық өсіру көлемін ұлғайту | мың тонна | 12,9 | 22,7 | 32,3 | 42,3 | 59,4 | 86,4 | 120,0 | 162,4 | 209,8 | 270,1 |
| Балық өнімдерін ішкі тұтынуды ұлғайту | мың тонна | 68,9 | 69,1 | 69,5 | 69,8 | 70,0 | 71,3 | 73,0 | 85,4 | 104,8 | 134,1 |
| Балық өнімдерінің экспортын ұлғайту | мың тонна | 35,0 | 45,0 | 54,0 | 64,0 | 81,0 | 108,0 | 142,0 | 166,0 | 174,0 | 181,0 |

Экономикалық әсер:

Бағдарламаны қабылдау елдің балық шаруашылығын қалпына келтіруге және дамытуға, балықты өнеркәсіптік өндірудің жаңа объектілерін енгізуге, оларды өсіру және тауарлық балық өнімін алу жағдайларын жетілдіруге ықпал ететін

болады, бұл өндірісті ұлғайтуға және ел халқын балық өнімімен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Бұл жағдай балық өңдеу өнеркәсібін дамыту, қосылған құны жоғары балық өнімдерін шығару есебінен балық өнімдері экспортының көлемін ұлғайтуға, іскерлік белсенділіктің өсуіне, инвестициялар есебінен қосымша қаражаттың құйылуына әкеледі. Жалпы, тауарлық балық өсіруді дамыту табиғи су айдындарының балық ресурстарына кәсіпшілік жүктемені азайтуға мүмкіндік береді. Бұдан басқа, балық өсіруді дамыту жалпы өндіріс, жалпы балық және балық өнімдері көлемінің ұлғаюымен мультипликативтік әлеуметтік-экономикалық нәтиже береді деп күтілуде.

Бағдарламаның мақсаттарына, міндеттеріне, нысаналы индикаторларына, сондай-ақ көрсеткіштеріне (осы Бағдарламаға 1-қосымша) қол жеткізу бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына (осы Бағдарламаға 2-қосымша) сәйкес жүзеге асырылатын болады..

Қажетті ресурстар

Бағдарламаны қаржыландыру республикалық және жергілікті бюджеттер қаражаты шегінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен жүзеге асырылатын болады.

Бағдарламаны іске асыруға арналған қаржы қаражатының көлемі, млн теңге

7-кесте

| Көрсеткіш | 2021 | 2022 | 2023 | 2024 | 2025 | 2026 | 2027 | 2028 | 2029 | 2030 | Барлығы |
|--------------------------|--------|--------|--------|--------|--------|--------|--------|--------|--------|---------|---------|
| Республикалық бюджет* | 3 472 | 4 213 | 5 660 | 5 391 | 7 235 | 7 517 | 5 558 | 5 710 | 3 110 | 8 539 | 56 405 |
| Жергілікті бюджет* | 1 774 | 2 893 | 4 079 | 5 120 | 7 499 | 12 438 | 16 934 | 23 126 | 30 769 | 39 755 | 144 387 |
| Бюджеттен тыс қаражаттар | 11 288 | 15 361 | 20 520 | 23 605 | 43 361 | 30 379 | 32 421 | 37 663 | 44 593 | 81 349 | 340 540 |
| Барлық қаражат | 16 534 | 22 467 | 30 259 | 34 116 | 58 095 | 50 334 | 54 913 | 66 499 | 78 472 | 129 643 | 541 332 |

Ескертпе:

*қаражат көлемі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті қаржы жылдарына арналған республикалық және жергілікті бюджеттердің бекітілуіне және нақтылануына қарай нақтыланатын болады.

Балық шаруашылығын дамытудың
2021 – 2030 жылдарға арналған

бағдарламасына
1-қосымша

Балық шаруашылығын дамытудың 2021 – 2030 жылдарға арналған бағдарламасының негізгі көрсеткіштері

| № | Облыс | Жаңа шаруашылықтар құру | Жұмыс істеп тұрған шаруашылықтарды кеңейту | Балық өсіру шаруашылықтарының саны | Жеке инвестициялар (млн теңге) | 2030 жылға қарай балық өсіру көлемі (тонна/жыл) | | | | | | |
|----|-----------------|-------------------------|--|------------------------------------|--------------------------------|---|------|------|-----|-----|-------|-------|
| | | | | | | | КТБШ | ТҚБШ | ТБШ | ТСО | 9 | 10 |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 |
| 1 | Ақмола | 298 | 1 | 1 | 2 | 57 | - | 2 | - | 361 | 9344 | 10308 |
| 2 | Ақтөбе | 34 | 8 | 1 | | 27 | - | 1 | 1 | 72 | 37102 | 10350 |
| 3 | Алматы | 17 | 6 | 4 | 12 | 7 | 1 | 8 | 12 | 67 | 40131 | 25468 |
| 4 | Атырау | - | 1 | 7 | - | - | - | 2 | 1 | 11 | 5722 | 15000 |
| 5 | Шығыс Қазақстан | 13 | 7 | - | - | 6 | 2 | 1 | 1 | 30 | 62553 | 9774 |
| 6 | Жамбыл | 27 | 11 | 39 | - | - | - | 1 | - | 78 | 17445 | 8000 |
| 7 | Батыс Қазақстан | 42 | 5 | 2 | 1 | 11 | - | 1 | 1 | 63 | 48971 | 10000 |
| 8 | Қарағанды | 43 | 12 | - | - | 7 | 1 | 1 | 1 | 65 | 32686 | 15000 |
| 9 | Қостанай | 42 | 2 | - | - | 4 | - | 1 | - | 49 | 370 | 10242 |
| 10 | Қызылорда | 55 | 16 | 12 | 3 | 19 | - | - | - | 105 | 6857 | 16000 |

| | | | | | | | | | | | | |
|---------|---------------------|-------|-----|----|----|-----|---|---|---|------|--------|--------|
| 11 | Маңғыстау | - | 20 | 1 | - | - | - | - | 2 | 23 | 25524 | 100000 |
| 12 | Павлодар | 19 | 11 | - | 5 | 1 | - | 2 | - | 38 | 42170 | 10000 |
| 13 | Солтүстік Қазақстан | 428 | 2 | - | - | 52 | - | - | 1 | 483 | 4274 | 10000 |
| 14 | Түркістан | 51 | 8 | 12 | 2 | 20 | 3 | 4 | 2 | 139 | 7391 | 20000 |
| Барлығы | | 1 069 | 110 | 79 | 25 | 211 | 7 | 6 | 2 | 1584 | 340540 | 270142 |

2021 – 2030 жылдарға арналған балық өсіру көлемі

| Облыс | Өндіріс көлемі, тонна | | | | | | | | | |
|-----------------|-----------------------|--------|--------|--------|--------|--------|---------|---------|---------|---------|
| | 2021 | 2022 | 2023 | 2024 | 2025 | 2026 | 2027 | 2028 | 2029 | 2030 |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 |
| Ақмола | 143 | 952 | 2469 | 2535 | 2695 | 2695 | 9423 | 9508 | 10155 | 10308 |
| Ақтөбе | 566 | 1150 | 1983 | 3440 | 4755 | 6170 | 7689 | 8550 | 9778 | 10350 |
| Алматы | 3795 | 8132 | 9968 | 9968 | 13118 | 13118 | 14318 | 14818 | 15118 | 25468 |
| Атырау | 10 | 666 | 828 | 1014 | 3098 | 5424 | 5990 | 8171 | 11680 | 15000 |
| Шығыс Қазақстан | 480 | 1297 | 2846 | 3746 | 4702 | 5657 | 6712 | 7765 | 8721 | 9774 |
| Жамбыл | 106 | 464 | 666 | 1376 | 2996 | 4039 | 5761 | 6501 | 7101 | 8000 |
| Батыс Қазақстан | 147 | 514 | 1055 | 1767 | 3929 | 4155 | 4612 | 6073 | 7458 | 10000 |
| Қарағанды | 1100 | 2053 | 2896 | 4107 | 5519 | 6999 | 8645 | 9502 | 12193 | 15000 |
| Қостанай | 84 | 93 | 892 | 3839 | 4714 | 5503 | 6426 | 7505 | 8766 | 10242 |
| Қызылорда | 172 | 409 | 837 | 1426 | 2765 | 4285 | 6460 | 9220 | 12132 | 16000 |
| Маңғыстау | 30 | 37 | 73 | 89 | 286 | 15193 | 25298 | 50503 | 75708 | 100000 |
| Павлодар | 50 | 100 | 300 | 650 | 750 | 1200 | 2900 | 3450 | 5600 | 10000 |
| Солтүстік | 600 | 700 | 800 | 900 | 1000 | 1100 | 3470 | 6000 | 8000 | 10000 |
| Түркістан | 5569 | 6112 | 6640 | 7467 | 9123 | 10669 | 12261 | 14843 | 17422 | 20000 |
| Барлығы | 12 852 | 22 679 | 32 253 | 42 323 | 59 449 | 86 390 | 119 965 | 162 408 | 209 833 | 270 142 |

Шаруашылықтар мен балық түрлері бөлінісінде 2021 – 2030 жылдарға арналған балық өсіру көлемі

| Балық өсіру шаруашылығының түрі | Су айдындарының саны, бірлік | Балық түрлері | Жылдар бойынша өсіру көлемі, тонна | 2021 | 2022 | 2023 | 2024 | 2025 | 2026 | 2027 | 2028 | 2029 | 2030 | 11 | 12 | 13 |
|---------------------------------|------------------------------|----------------|------------------------------------|------|---------|---------|---------|---------|--------|--------|---------|--------|------|----|----|----|
| | | | | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 |
| Ақмола облысы | | | | | | | | | | | | | | | | |
| Жұмыс істеп тұрған КТБШ | 57 | тұқы, ақсақа | 112 | 112 | 112 | 150 | 310 | 400 | 400 | 400 | 1022 | 1110,7 | | | | |
| Жоспарланған КТБШ: | | | | | | | | | | | | | | | | |
| Резервтік | 81 | тұқы, ақсақа | 0 | 809 | 1684 | 1684 | 1684 | 1684 | 1684 | 1684 | 1684 | 1684 | 1684 | | | |
| Ауыстыру жоспарланған | 217 | тұқы, ақсақа | 0 | 0 | 140 | 155 | 155 | 155 | 6631,1 | 6631,1 | 6631,1 | 6631,1 | | | | |
| Жұмыс істеп тұрған ТБШ | 2 | тұқы | 10 | 10 | 12 | 12 | 12 | 12 | 12 | 12 | 13 | 17 | | | | |
| Жоспарланған ТБШ | 1 | тұқы | 0 | 0 | 0 | 3 | 4 | 5 | 5 | 10 | 14 | 14 | | | | |
| Жұмыс істеп тұрған шарбақтар | 0 | | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | | | | |
| Жоспарланған шарбақтар | 1 | бақтак | 21 | 21 | 21,12 | 21,12 | 21,12 | 21,12 | 21,12 | 21,12 | 21,12 | 21,12 | | | | |
| Жұмыс істеп тұрған ТСО | 0 | албырт | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | | | | |
| Жоспарланған ТСО | 2 | албырт, бекіре | 0 | 0 | 500 | 510 | 510 | 600 | 670 | 750 | 770 | 830 | | | | |
| Барлығы | 361 | | 143 | 952 | 2469,12 | 2535,12 | 2696,12 | 2877,12 | 9423,2 | 9508,2 | 10155,2 | 10308 | | | | |
| Ақтөбе облысы | | | | | | | | | | | | | | | | |
| Жұмыс істеп тұрған КТБШ | 27 | тұқылар | 53,65 | 65,7 | 102,7 | 145,2 | 199,7 | 205,4 | 269,4 | 300 | 308,1 | 330,6 | | | | |
| Жоспарланған КТБШ: | | | | | | | | | | | | | | | | |
| Резервтік | 0 | | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | | | | |
| Ауыстыру жоспарланған | 34 | | 0 | 32 | 45 | 60 | 65 | 70 | 90 | 110 | 120 | 120 | | | | |
| Жұмыс істеп тұрған ТБШ | 1 | тұқы | 0 | 25 | 50 | 80 | 100 | 195 | 250 | 300 | 350 | 400 | | | | |
| Жоспарланған ТБШ | 1 | бекірелер | 0 | 15 | 20 | 25 | 30 | 40 | 50 | 60 | 70 | 80 | | | | |

| | | | | | | | | | | | | |
|------------------------------|----|------------------|----|-----|-----|-----|-----|-------|-------|-------|-------|---------|
| Жоспарланған КТБШ: | 0 | | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 |
| Резервтік | 0 | | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 |
| Ауыстыру жоспарланған | 0 | | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 |
| Жұмыс істеп тұрған ТБШ | 0 | | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 |
| Жоспарланған ТБШ | 1 | тұқылар | 0 | 0 | 20 | 20 | 30 | 30 | 30 | 30 | 30 | 30 |
| Жұмыс істеп тұрған шарбақтар | 0 | | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 |
| Жоспарланған шарбақтар | 20 | албырттар | 0 | 0 | 10 | 20 | 200 | 15100 | 25200 | 50400 | 75600 | 99887 |
| Жұмыс істеп тұрған ТСО | 2 | бекірелер | 30 | 37 | 43 | 49 | 56 | 63 | 68 | 73 | 78 | 83 |
| Жоспарланған ТСО | 0 | | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 |
| Барлығы | 23 | | 30 | 37 | 73 | 89 | 286 | 15193 | 25298 | 50503 | 75708 | 100000 |
| Павлодар облысы | | | | | | | | | | | | |
| Жұмыс істеп тұрған КТБШ | 1 | тұқы | 0 | 0 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 |
| Жоспарланған КТБШ: | | | | | | | | | | | | |
| Резервтік | 19 | тұқы | 0 | 0 | 99 | 249 | 299 | 399 | 549 | 599 | 699 | 1099 |
| Ауыстыру жоспарланған | 0 | | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 |
| Жұмыс істеп тұрған ТБШ | 2 | тұқы | 50 | 50 | 150 | 200 | 250 | 300 | 350 | 350 | 400 | 400 |
| Жоспарланған ТБШ | 0 | | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 |
| Жұмыс істеп тұрған шарбақтар | 0 | | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 |
| Жоспарланған шарбақтар | 11 | тұқы | 0 | 50 | 50 | 200 | 200 | 500 | 1 000 | 1 500 | 2 000 | 3 000 |
| Жұмыс істеп тұрған ТСО | 0 | | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 |
| Жоспарланған ТСО | 5 | бақтақ, көксерке | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 1000 | 1000 | 2500 | 5500 |
| Барлығы | 38 | | 50 | 100 | 300 | 650 | 750 | 1200 | 2900 | 3450 | 5600 | 10000,0 |

| | | | | | | | | | | | | |
|--|-----|------------------|--------|--------|------|---------|---------|---------|--------|---------|--------|--------|
| Солтүстік Қазақстан облысы | | | | | | | | | | | | |
| Жұмыс істеп тұрған КТБШ | 52 | тұқы, ақсақала р | 600 | 175 | 175 | 200 | 225 | 250 | 500 | 750 | 1029,5 | 1404,5 |
| Жоспарланған КТБШ: | | | | | | | | | | | | |
| Резервтік | 42 | тұқы, ақсақала р | 0 | 175 | 175 | 200 | 225 | 250 | 500 | 750 | 1029,5 | 1404,5 |
| Ауыстыру жоспарланған | 53 | тұқы, ақсақала р | 0 | 175 | 175 | 200 | 225 | 250 | 500 | 750 | 1029,5 | 1404,5 |
| Резервтік қорда жоқтары (зерттелмеген) | 47 | тұқы, ақсақала р | 0 | 175 | 175 | 200 | 225 | 250 | 500 | 750 | 1029,5 | 1404,5 |
| Белгісіз аудандары | 286 | тұқы | 0 | 0 | 100 | 100 | 100 | 100 | 1000 | 2000 | 2382 | 2382 |
| Жұмыс істеп тұрған ТБШ | 0 | | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 |
| Жоспарланған ТБШ | 0 | | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 |
| Жұмыс істеп тұрған шарбақтар | 0 | | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 |
| Жоспарланған шарбақтар | 2 | бақтақ | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 500 | 1000 | 1500 | 2000 |
| Жұмыс істеп тұрған ТСО | 1 | бақтақ | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 |
| Жоспарланған ТСО | 0 | | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 |
| Барлығы | 483 | | 600 | 700 | 800 | 900 | 1000 | 1100 | 3500 | 6000 | 8000 | 10000 |
| Түркістан облысы | | | | | | | | | | | | |
| Жұмыс істеп тұрған КТБШ | 20 | тұқылар | 4677,1 | 2689 | 2488 | 3480,2 | 3473,8 | 3401,4 | 6421,9 | 6616,6 | 7679,8 | 8000 |
| Жоспарланған КТБШ: | | | | | | | | | | | | |
| Резервтік | 51 | тұқылар | | 2444,8 | 2656 | 1866,75 | 2280,75 | 2667,25 | 858,27 | 1039,01 | 871,1 | 1000 |
| Ауыстыру жоспарланған | 0 | | | | | | | | | | | |
